

Берік САЙМАҒАНБЕТОВ, жыршы, ҚР мәдениет қайраткері, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі, «Болашақ» университеті «Рекрутинг және Мансап» орталығының жетекшісі:

ЖЫРДА РУХАНИ ҚУАТ БАР

3-БЕТТЕ

Аялаймын сені, Қызылорда!



Ақмешіт

13 сәуір сенбі

№29 (2039)

2024 жыл


апталығы

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет • E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚАЛАҒА АЯҚСУ КЕЛДІ, ЕНДІ ТАЛ ЕГУГЕ ТҰРҒЫНДАР ДА АТСАЛЫСУЫ КЕРЕК



Бұл – қала әкімі Серік Қожаниязовтың сөзі. Осы аптада шаһар басшысы аяқсу келетін арық жүйелерін көру үшін қаланы аралады. Жібек жолы мен Сарқырама Табиғат және басқа да каналдары өткен айда толық тазаланды. Қазіргі таңда қала ішілік арық жүйелерін тазалау жұмыстары жүргізілуде. Жалпы қалаға Сырдария өзені және каналдар арқылы арнайы 19 жерден насос қондырғысымен аяқсу беру жоспарланып, жүзеге асуда. Атап айтқанда, оның 3-еуі дизельдік отынмен, 16-сы электр жүйесімен жұмыс істейтін насос қондырғылары. Бүгінде Жібек жолы каналы бойында және Сыр ана монументі жанында орналасқан су сорғыш қондырғылары арқылы қалаға аяқсу беріледі. Қала әкімі барған бірінші нысан – Жібек жолы каналы. Осы күні оның бойында орналасқан су сорғыш қондырғысы арқылы Назарбаев, Астана даңғылы және Сырдария шағын ауданы, шамамен 6 шақырым болатындай каналдар мен арық жүйелері аяқсумен қамтылуда.

ӘКІМ УӘДЕСІНДЕ ТҰРДЫ

– Жыл басында «сәуір айында қалаға аяқсу беріледі» деп халыққа уәде берген едік. Міне, өздеріңіз көріп тұрғандай сәуір айынан бастап аяқсу беріле бастады. Негізі қалада 7 канал бар. Атап айтсақ, Жібек жолы, Сарқырама, арғы бетте Қызылжарма тағы да басқа каналдар бар. Бүгінде барлық арық жүйесі тазарды. Аяқсу беріле бастады. Осы кезде ағаштар да көктеп тұр. Соның бәрі аяқсумен қамтамасыз етілгеннің нәтижесі, – дейді қала әкімі. Сонымен қатар шаһар басшысы Сыр ана монументі жанындағы су сорғыш қондырғысының жұмыс барысымен танысты. Бұл қондырғы арқылы С.Бейбарыс көшесі және Береке

сажайы шамамен 1,5 шақырымды құрайтын каналдар мен арық жүйелері аяқсумен қамтылады. Қазіргі күні Тұңғыш Президент атындағы саябақта және Тәуелсіздік даңғылы бойында орналасқан су сорғыш қондырғылары орнатып, аяқсумен қамтуға дайындық жұмыстары жүргізілуде. 2022-2023 жылдар аралығында 27 бұрғылау жұмысы жүргізілген ұңғымалармен қатар бұрыннан аяқсу беріліп келе жатқан ұңғымаларды да аяқсумен қамту мақсатында электр жүйелеріне қосу жұмысы қолға алынған. Оған қоса 10 ұңғыма аяқсу беруге толық дайын.

4-БЕТТЕ



ЖАҢА АВТОВОКЗАЛ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Кеше қаламыздың сол жағалауында жаңа автовокзалдың салтанатты түрде ашылу рәсімі өтті.

Салтанатты шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, тұрғындарды жаңа заманауи үлгідегі автовокзалдың ашылуымен құттықтады. – Енді жолаушылар мен тасымалдаушыларға барлық стандарт талаптарына сәйкестендірілген заманауи үлгідегі жаңа автовокзал ғимараты қызмет көрсететін болады. Бұл кешен жолаушыларға қызмет етіп қана қоймай, жол қатынасының реттелуіне негіз болмақ. Сонымен қатар мұнда тек автовокзал ғана емес, ірі сауда және қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету орындары, қоймалар, автокөлік жөндеу цехтары да жұмыс істейді. Бәрі де жолаушыларға қолайлы, қауіпсіз әрі ыңғайлы болады, – деді облыс әкімі. Жалпы автовокзалда тәулігіне 55 автобус жолға шығып, 124 рейс ұйымдастырылмақ. Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан және басқа да қалаларға 8 маршрут қатынайды. Сондай-ақ қызылордалықтар күн сайын Ташкент қаласына халықаралық рейс арқылы қатынауға мүмкіндік алды. – Автовокзал керемет, заманауи үлгіде салынды. Мұнда жолаушыларға да, жүргізушілерге де барлық жағдай жасалған. Біз Ташкент қаласына жаңа сапаржайдан санаулы сәттен кейін жолға шығамыз. Жалпы, бұл рейс күн сайын қарастырылған, – делі автобус жүргізушісі Отабек Саидрасулов. Автовокзал аумағы 1196,96 шаршы метрді құрайды, ал сыйымдылығы 200 жолаушыға шақталған. Сондай-ақ автобустарға қосымша 30 орынды құрайтын автотұрақ ұйымдастырылған. Жалпы автовокзал аумағынан 50 автокөлікке арналған автотұрақ көзделген, оның ішінде 3 орын мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған. Алдағы уақытта автобустардың автовокзал аумағына келіп жолаушыларды түсіру үшін - 6, ал сапарға шығатындар үшін - 11 перрон жұмыс істейді. Жаңа нысанда жаз мезгілінде 4 мыңға жуық, қыста мыңнан астам жолаушыға қызмет көрсету жоспарлануда. Айта кетейік жаңа нысанда күту залы жолаушылар мен тасымалдаушылардың талабына сай жасалған. Яғни онда алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету пункттері, сақтау камералары, жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған перрон мен автобустар тұратын алаң болса, одан бөлек диспетчерлік пункттер, ана мен бала бөлмесі және асхана мен жүргізушілердің демалатын бөлмесі бар. Сонымен қатар коммерциялық киоскілер, полиция бөлмесі, касса және лифт қарастырылған. Сондай-ақ 15 тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылады.

Н.МУҚАТАЕВА

Осы аптада қалалық мәслихаттың кезектен тыс XVIII сессиясы өтті. Қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев төрағалық еткен сессияға қала әкімі С.Қожаниязов, әкім орынбасарлары, аппарат басшысы, қоғамдық ұйымдардың төрағалары, құқық қорғау, салық органдары, дербес бөлімдер мен мекеме басшылары, кент және ауылдық округтердің әкімдері, мәслихат депутаттары мен БАҚ өкілдері қатысты.

ҚАЛА ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНЕДІ



Сессияның күн тәртібіндегі мәселенің бірі қала бюджетіне өзгерістер енгізу бойынша қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Г.Баймаханова баяндама жасады. – Қала бюджетінің кірісі облыстық бюджеттен бөлінген 3 273 960,9 мың теңге ағымдағы және даму нысаналы трансферттері есебінен көбейтіліп, 1 200 000 мың теңге кредит есебінен азайтылғаны ескерілді. Қала әкімдігінің биыл 29 ақпандағы №250 қаулысымен қала бюджетінің кірісі облыстық бюджеттен бөлінген 438 070 мың теңге нысаналы даму трансферттері есебінен көбейтілгені ескерілді. Сонымен қатар 301 103 «Азаматтарға пәтерлер сатудан түсетін түсімдер» кодынан 1 017 265,2 мың теңге қаржы 501 100 «Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу» кодына ауыстырылды, – делі қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы.

2-БЕТТЕ

12 СӘУІР – ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ

ҒАРЫШТЫ ИГЕРУ

АРМАН ҒАНА МА?

Байқоңырды жер кіндігі деп зәтті айтамыз. Ғылыми дәлелге сәйесек, бұл мекен ғарышқа бет алған зымыранның орбиталық жүйесіне шығуына мүмкіндік береді. Оның үстінде елді мекендердің шапғай орналасуы, экватор жазықтығына жақындағанды, ұшыру процесінің қауіпсіздігі сенімді дәлелдер ғарыш кешенінің аймақ тарихындағы маңызды артықшылығын түсіндіреді. Ғарышкерлер күні қарсаңында стратегиялық нысанға маңызды Қазақстанның ғарышшы игеру арманы тақырыбында ой бөлісіп көрейік.



Мойындау керек, сырбойылықтардың «Байқоңыр» ғарыш айлағының тиімділігі туралы пікірі алуан. Оған араға жылдар салып құлайтын зымыран мен гептилге улану фобиясы себеп болса керек. Көшеге шықса, шаны аспанға ұшқан күн райын, дала кезсе, көксіз жазықты байқау көңілдегі күдікті қоюлата түседі. Сондықтан алдымен «кешенді жаппаса да зардабын азайтса» деген халық ойын айта кету парызымыз. Мемлекет болса, экологиялық ахуалды оңалту үшін тырысып бағуда. Көгалдандыру мен экожобаларға қыруар қаржы бөлініп, мекемелерге сенбілік өткізу жүктелген. Қоғамдық қорларды қаржыландыру арқылы жобалар әзірлеу, экобелсенділердің жұмысын үйлестіру де назарда. Әрине, Ресей Федерациясы тарапынан төленетін өтсемақымен жалғалудың қиындығын шығынының жарымын жабады анық. Алайда негізгі мәселе зымыранның ұшу жиілігі, процесс қауіпсіздігіне тірелетіндіктен, оқкылықты халықаралық деңгейде шешу күн тәртібінен түскен емес.

2-БЕТТЕ

Сәуір – тазалық айы. Көктемнің шуақты күндері адамзатты игі іс бастауға үндегендей. Бүгінде ел бойынша туған жерді тәуелсіздік мақсат еткен акция басталып кетті. Облыс әкімі Сыр жұртына үндеу жариялап, айналымды таза ұстауға бір кісідей жұмылуға шақырды.

ТУҒАН ЖЕРДІ ТҮЛЕТУ – МІНДЕТ



«Қазақиылықтың қаймағы бұзылмаған, тату тірлік пен береке-бірліктің бесігі – Сыр өңірінде бүгіннен республикалық «Таза Қазақстан» акциясы аясында «Таза Қазақстан – таза аймақ» экологиялық науқаны бастау алды.

Сенбілікте Қызылорда қаласы аумағына 3000 түп көшет отырғызылды. Студенттер, жастар ресурстық орталығы мамандары, еріктілер «Тағзым алаңы» мен «Бауырластар бейітінің» аумағын тазартты. Іс-шараға барлық елді мекен тұрғындары, еңбек ұжымдары мен белсенді жастар қатысуда. Облыс бойынша 1119 мекенден 14611 адам қатысып, жұмысқа қосымша жинайтын 219 арнайы техника тартылды. Нәтижесінде полигондарға 299 тоннаға жуық қорық шығарылды.

Тазалық пен тәртіп – кез келген аймақтың табысты дамуының кепілі ғана емес, тұрғындардың мәдениеттілігінің өлшемі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қалалар мен ауылдардың сәулетті, саябақтар мен аулаңы таза болуы, ең алдымен, басқа біреуге емес, өзімізге керек. Азаматтарымыз қоғамдық орындар мен қоршаған ортаға жанашыр көзбен қарауға тиіс» – деген болатын.

Біздің айналымдағы игіліктер адамдар үшін жасалған. Тазалық – біз үшін басты құндылық», – деді аймақ басшысы өз үндеуінде.

Апта ішінде аймақта жалпыоблыстық сенбілік ұйымдастырылып, Қызылорда қаласы мен барлық аудандарда 20 мыңға жуық саяла ағаш көшеті отырғызылды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сенбілікке қатысып, «Қорқыт ата» халықаралық әуежайы аумағына ағаш екті.

Еске салсақ, Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында 5 жыл ішінде елді мекендерге 15 млн түп ағаш отырғызуды тапсырған болатын. Осыған сәйкес, Қызылорда облысының елді мекендерін көгалдандырудың және жасыл аймақтар құрудың 2021-2025 жылдарға арналған өңіраралық жоспары бекітілді.

Еске салсақ, өткен жылы абаттандыруға республикалық және облыстық бюджеттерден 6,2 млрд теңге қаржы бөлінді. Бұған 51 жоба жүзеге асырылды, 77 шақырым болатын 58 көше жарықтандырылды, 39 көшеге жауа жүргізушілер жолы салынып, 6 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері жаңартылды. Тағы 17 көпқабатты тұрғын үйдің 5 аулаішілік аумағы абаттандырылды. Демешілер есебінен қаладағы 26 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері қапталып, 1 млрд теңгеге Қызылорда қаласының орталық алаңы көркейтілуде.

Айта кетелік, тазалық акциясы бір күндік жұмыс емес. «Таза Қазақстан – таза аймақ» акциясының әрбір аптасының өз атауы бар. Атап айтсақ, 13-15 сәуір аралығы «Таза өлке», 14-20 сәуір «Киелі мекен», 21-27 сәуір «Жасыл аймақ», 28 сәуір-4 мамыр «Өнегелі ұрпақ», 5-11 мамыр «Мөлдір бұлақ» деп аталады.

«Ақмешіт-ақпарат»



СЫРДАН ЖЕТКЕН МЕЙІРІМ

Су басқан аймақтардағы елдің жағдайы көптің көз алдында. Жылдам хабар жеткізген БАҚ, әлеуметтік желілер арқылы зардап шеккен аймақтағы халықтың жайынан минут сайын ақпарат таратылуда. Төтенше жағдайдан туған қиындықты еңсеруге барша қазақ жұмыла атсалысып жатыр. Өткен аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа үндеу жолдап, су тасқынынан зардап шеккен әрбір тұрғын мемлекет назарынан тыс қалмайтынын айтты. Қиналған елге қамқорлық көрсетуде сырбойылықтар да белсенділік танытты. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасымен қала, аудан әкімдіктері ұйымдастырған «Күшіміз – бірлікте» акциясына облыстың жанашыр азаматтары, еріктілер өз үлесін қосты. Өңірдегі ірі мұнай компанияларының бірі «Торғай Петролеум» АҚ Атырау, Ақтөбе, Қостанай, Батыс және Солтүстік Қазақстан облыстарына 50 млн теңгенің көлемінде 120 тонна қайырымдылық көмегін жіберді. Жиырма тонналық 10 жүк көлігі азық-түлік, газ плиталары, қайықтар мен құрал-саймандар, төсек жабдықтары, ыдыс-аяқ, гигиеналық заттар мен дәрі-

дәрмек тиіп қолға шықты. Төтенше жағдайдан қиналған елге жергілікті компаниялар да көмек беруде аянып қалып жатқан жоқ. Аймақтан шыққан қайырымдылық керуені мен еріктілерді белгілі айтыскер ақын, Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық академиялық драма театрының директоры Мұхтар Ниязов басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастап кетті. Айтыскер ақынның бастамасымен өнер адамдары, мәслихат депутаттары 3 млн теңге қаржы жинап, өз үлестерін қосты.

Бүгінде Қостанай, Ақтөбе облыстарында 66 қызылордалық құтқарушы, 9 арнайы техника, 4 қайық, 20 мотопомпа жұмыс істеді. Бұған дейін Ақтөбе қаласы мен Қобда ауданына 25 жүк көлігімен 83 млн теңгенің 112 тонна азық-түлік, көрпелер, гигиеналық құралдар, дәрі-дәрмек, құрылыс заттары, 50 млн теңгенің 20 тонна жем-шөбі жеткізіліп, 2,5 млн теңге қаржы Ниязов облысында ашылған есепшоттарға аударылған. Қиналған елге көмек көрсету мұнымен тоқтап қалған жоқ. Жастар орталықтарында, сауда орталықтарында ашылған пункттерде әлі де елдің көмегі жинақталуда.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҒАРЫШТЫ ИГЕРУ АРМАН ҒАНА МА?

ҚАЗАҚТЫҢ АРМАНЫ

Экологиялық зиянын есепке алмаса, «Байқоңырдың» экономикалық-инновациялық әлеуеті орасан. Коммуникация желісінің жетілуі, цифрландыру бағдарламаларының нәтиже беруі, әлемдік технологиялық үрдіске ілесу – ғарыш аймағының мүмкіндігін пайдалану арқылы ғана қол жеткен жетістік. Содан болар, сарапшылар Ресеймен келісім кезінде Қазақстанның ұлттық ғарыш жобаларын ұсынуын ел тарихындағы дипломатиялық дүмпуге теңейді.

Бұл ойда қате жоқ секілді. Мысалы, 1990 жылы «Байқоңыр» ғарыш аймағында Жалпы машина жасау министрлігінің басшылығымен кездесу өткен. Жүздеу кезінде ғарышқа алғашқы қазақты ұшыру туралы мәселе принципті түрде шешіліп, Токтар Әубәкіров орбитаға бет алды. Кеңес Одағының Батыры ғарышқа ұшуы кезінде жай сапарлаған жоқ, Қазақстанның ғарыштық эксперименттерінің бірінші ғылыми бағдарламасын орындады.

Қызығы сол, аталған сапар космонавтика тарихында Кеңес ғарышкерінің ғарышқа соңғы ұшуы ретінде қалды. Себебі ол кезең одақ ыдырап, мемлекеттер егемендігін алуға ұмтылған шақ еді. Қазақстан да сындарлы сәтте барын салып, аймақтық тұтастығын сақтауға ұмтылды. Әсіресе адамзат ғарышқа алғаш аттанған Байқоңырдың меншік құқығын біржақты ету идеологиялық тұрғыда да, экономикалық жағынан да маңызы болатын. Сондықтан 1991 жылғы 31 тамызда ел аумағында орналасқан «Байқоңыр» ғарыш аймағы Қазақстанның меншігі деп жарияланған Жарлыққа қол қойылды. Бұл ғарышты игеруде еліміздің тарихи және стратегиялық рөлі барын аңғартқан сәт ретінде есте қалды.

Кейін Ұлттық аэроғарыш агенттігі «Байқоңыр» кешенінің нысандарын түгендеу және техникалық жағдайын бағалау жөнінде жүйелі жұмыс жүргізді. Оның ішінде «Байқоңыр» кешенін жалға беру бойынша Ресеймен жасалған ұзақ мерзімді шарттың орны ерек. Келісім бойынша нысан қол елдің тығыз ынтымақтастықтың нысаны ретінде бекітіліп, бірлесіп жобаларды жүзеге асыруға уағдаласқан.

Кейін келісімнің көмегін көп көрдік. 1994, 1998, 2001 жылдары Талғат Мұсабаев ғарышқа ұшса, 2015 жылы Айдын Айымбетов сапарды жалғастырды. Ал «2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту» мемлекеттік бағдарламасы аясында бүгінгі инновациялық жетістіктің іргетасы қаланды. Бұл бағдарлама шеңберінде «ҚазСат-1» байланыс спутнигін құру, оны ғарышқа ұшыру жобасы іске асырылды. Сондай-ақ ғарыш техникасының арнайы конструкторлық-техникалық бюросы, жерді қашықтан зондтау мен ғылыми-технологиялық мақсаттағы ғарыш жүйесі, ғарыш аппараттарын құрастыру бағдарламасы қолға алынды.

ҒАРЫШҚА БІР ҚАДАМ

Айта кету керек, әуелгі ғарыш бастамаларында шикілік шыққан болатын. Осыны ескере, Қазақстан ғарыш державасы ретінде аяққа нық тұру үшін арнайы ведомство керекін байқады. Көп өтпей, 2007 жыл ҚР Ұлттық ғарыш агенттігін құрылып, бірнеше жыл ішінде ғарыш инфрақұрылымы дамыды. Ғарыш саласы кәсіпорындарының ғылыми және инженерлік құрамы жасақталып, білікті кадр тобы практикалық тәжірибе мен дағдыны игерді. Осы мақсатта қазақстандық ғарыш мамандары Ресей, Украина, Франция, Ұлыбританияның жетекші ғарыш кәсіпорындарында тағылымдамадан өтті.

Технологиялық жаңалықты қалағалау үнемі оң нәтижеге бастары сөзсіз. Мұны ғалымдардың халықаралық тәжірибені қолданыса енгізуі дәлелдеді десек, артық емес. Шеттен алған білімін елде пайдаланған ғалымдар отандық спутниктердің екі орбиталық тобын құрды. Оларды сәтті ұшырып, бүгінде ел игілігіне жарап тұр. Мысалы, қазір байланыс, геология, жерді зондтау бағытында «ҚазСат-2», «ҚазСат-3» байланыс спутниктері қолданылуда. Оған қоса жерді қашықтан суретке түсіретін «KazEOSat-1», «KazEOSat-2» спутниктері мен замануи технологиялармен жабдықталған «ҚазСат» байланыс ғарыш жүйесінің маңызы зор.

Р.С. Иә, ғарышты игеру адамзат ақыл-ойы мен өркениетінің алдығы шебінде болумен тең. Таным мен талпыныстың пайдасын көру үшін ғарышқа ғашық сананың берері көп. Сондықтан ғарышкер болуды армандайтын буынға бағыт сілтеу, мүмкіндік есігін ашу үшін космонавтика саласындағы жаңалыққа ілесуден танбау, қажет.

Берен ШАҒЫРОВ

Басы 1-бетте

ҚАЛА ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНЕДІ

Сонымен қатар республикалық, облыстық, қалалық бюджет көздерінен бөлінген қаржылық жобаларға сәйкес, қаладағы кейбір әлеуметтік мекемелерге пандус орнатуға, Тасбөгет кенті мен Сабалақ саяжайының 15 көшесіне жарық шамдарын қоюға, «Газ тасымалдау жүйесін дамыту», «Көлік инфрақұрылымын дамыту» бағдарламалары бойынша көшелерге сараптама қорытындыларын алу мәселесі де назардан тыс қалмады. Оның ішінде Яссауи көшесін Ә.Бөкейхан көшесінен Әйтеке би көшесіне дейін жаңғырту, Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылына дейінгі көше құрылысы, Тәуелсіздіктің

25 жылдығы даңғылы бойынша «Қызылжарма» каналы арқылы автожол көпірін салу, Е.Көшербаев көшесін С.Бейбарыс көшесінен Ә.Бөкейхан көшесіне дейінгі жолды қайта жаңғырту, Қорқыт ата көшесінен көлік жол айырығына дейін Жаппасбай бағыр көшесін жаңғырту, Белкөп кентіндегі екі көшені жарықтандыру, Тасбөгет кентіне жауа жүргізушілер жолын салу, 4 көпөтпелі тұрғын үйлердің ауласын абаттандыру, қалада санитарлық тазалықты қамтамасыз ету және басқа жобаларға қаржылар бағытталды.

КӨШЕ АТАУЛАРЫ ӨЗГЕРУІ МҮМКІН

Сессия барысында Бәйтерек шағын ауданындағы атаусыз көше – жазушы Дүкенбай Досжан, Әбу-Насыр-әл-Фараби-17 көшесі – соғыс ардагері Қалмағанбет Оспанов, Герман Титов-8 көшесі – мәдениет қайраткері, журналист Оразбек Максұтұлы, Яссауи-6 тұйық көшесі – ғылым мен қоғамдық қызметте еңбек сіңірген тарихшы ұстаз Мәди Кереев есімдерімен атау туралы ұсыныстар ҚР Үкіметі жанындағы республикалық ономастика комиссиясының қарауына ұсынылды.

Ал сессияны қала әкімі Серік Салауатұлы қорытындылады. – Биыл қалада біраз жоба жүзеге асқалы тұр. Оны кезде жұмыс басталып та кетті. Айта кету керек, автобус паркіне электромобильдер сатып алу, сол жағалауды аяқумен қамтамасыз ету жұмысы қолға алынады. Оған қоса қаладағы біршама көшелер жөндеуден өтеді. Оның ішінде Тәуелсіздік көшесін төрт жолақты етіп кеңейту, теміржол вокзалы мен базар аумақтарын сәулеттік келбетке сәйкестендіру, қала ғимараттарының дизайн кодқа сай болуы, бірнеше қаланың негізгі көшелерін абаттандыру, 35 көшені жөндеуден өткізу және басқа да жобалар бойынша жұмыстар атқарылады, – деді.

Сессия қарауына шығарылған барлық мәселелер жан-жақты қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

Ақтөлкын НУРЛЫБАЙ

Басы 1-бетте

Суреттер қалалық мәслихаттан алынды



2025 ЖЫЛ: БӘРІМІЗ ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРАМЫЗ

Қала әкімдігінің баспасөз орталығында Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары Ашраф Жүсіпов жалпыға бірдей декларациялау туралы БАҚ өкілдеріне баяндады.

Биыл қаңтар айынан бастап жалпыға бірдей декларациялаудың 3-ші кезеңі басталды. Үшінші кезеңде заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары және олардың жұбайлары, сондай-ақ дара кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары 2024 жылдың 15 қыркүйегіне дейін декларация ұсынуға міндеттелген. Декларацияларды «Салық төлеушінің кабинеті», «Электрондық үкімет» порталы, «App Store» немесе «Play Market» арқылы «e-Salyq Azamat» және «Gov mobile» мобилді қосымшаларын жүктеу арқылы тапсыруға болады.

– Жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларациясы (250.00 нысан) жеке тұлғалардың ҚР шегінен тыс

жерлерде жылжитын, жылжымайтын мүліктердің, банктік шоттардың, ҚР және одан тыс жерлердегі тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы келісім, заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі, туынды қаржы құралдары, инвестициялық алтын, зияткерлік меншік нысандары, авторлық құқық, жеке тұлғаның екінші деңгейлі банктен бөлек дебиторлық және кредиторлық берешектерін көрсетуге және бағалау құны айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінен асып кеткен жағдайда жеке тұлғаның қалауы бойынша басқа мүлік көрсетілуі мүмкін. Жеке тұлға активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны табыс еткен мерзімнен кейінгі

жылдан бастап жыл сайын кірістер мен мүлік туралы декларацияны (270.00 нысан) табыс етеді, – деді Ашраф Шағдатұлы.

ҚР Салық кодексіне белгіленген мерзімде жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы және жеке тұлғаның кірістері мен мүлік туралы декларациясын ұсынбаған жағдайда алдын ала ескерту беріледі. 1 жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғалды.

Ашраф Жүсіповтің айтуынша, 2025 жылдан бастап азаматтардың барлық санаттары декларация тапсыратын болады. Жалпыға бірдей декларациялау бойынша сұрақтар туындаған жағдайда жеке тұлғалар 1414 нөмірі бойынша бірінші байланыс орталығынан кеңес ала алады.

А. МЕЦПБАЙ

Берік САЙМАҒАНБЕТОВ, жыршы, ҚР мәдениет қайраткері, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі, «Болашақ» университеті «Рекрутинг және Мансап» орталығының жетекшісі:

ЖЫРДА РУХАНИ ҚУАТ БАР

– Сұхбатымызды сүйінші жаңалықтан бастайық. Сыр елінің бас қаласында Жыраулар үйі бой көтеріп, пайдалануға берілді. Бұл – қызылордалықтардың көп жылғы арманы еді. Сіз де өнер жанашыры, термеші ретінде жыраулардың ортақ отауы болса деп талай шаршы топта пікір білдіргеніңізді білеміз. Қуанған шығарсыз?

– Рахмет! Мен руханият үшін жасалған кез келген үлкенді-кішілі дүниеге егер ол шын мәнінде руханиятқа қызмет ететін болса қуанатын адаммын. Біздің облысы үшін Жыраулар үйі аса үлкен жаңалық емес. Себебі 2006 жылы Ырзақұл Сәденұлы Қармақшы ауданында өкім болып тұрғанда Қазақстанда тұңғыш рет Көшеней Рүстембеков атындағы Жыраулар үйін ашқан болатын. Оның алғаш директоры марқұм Арнұр Көшенейұлы болған еді. Содан кейін Арал ауданында, Шиелі ауданында осындай орталық бой түзген, қасиеттерінің қым-қуыт тірлігімен қатар өнерге талабы бар балаларды да тәрбиелеп келеді.

2022 жылы облыстық қоғамдық кеңестің отырысында аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекулына «Сыр елі – жыр елі» деген мақалға айналған нақылды түгел қазақ біледі. Алайда облыс орталығында жыраулардың өнерді дамытуына сеп болатын бір орталық жоқ. Сонау Оғыз мәдениетінің алтын тінін ұстап отырған жыршы-жырауларымызға бір орталықтың ашылуына ықпал етсеңіз» деген ұсынысымызды айтқан едік. Сол ұсыныстың негізінде сіз айттып отырған жыраулар үйі ашылды. Дегенмен облыстық филармонияның филиалы болып ашылды. Яғни негізгі бағдары – концерттік бағыт. Бізде бір функцияны екі мекеме қатар атқара беретін үрдіс етек алып тұр. Бұл дұрыс тенденция емес. Біз популизмнен гөрі нақты істермен айналысуымыз керек. Менің айтқан орталығымның бағыты мүлде басқа болатын. Дегенмен құтты болсын! Өзім ашылуына бара алмадым. Себебі ол кезде Астана қаласында көзіме ота жасатып жаттым. Біздің жырларымызда рухани қуат бар. Сол қуатты ұрпақ тәрбиесіне мейлінше пайдалану керек.

– Мектеп жасындағы балалар тәрбиесінде басты құрал ретінде термелер мен толғауларды енгізу жөнінде мәселе көтеріп келесіз. Бұл – шындында көңілге қондымды идея. Ой таразысына салып безбеденсек, қиын шаруа емес секілді. Бірақ мықты бастаманы жүзеге асырсақ, гасырлар қойнауынан жеткен ата-баба мұрасын қадірлегеніміз ғана емес, оның тағылымды жағын жас ұрпақ санасына тереңдік сіндіргеніміз де болар еді. Одан біз ұтпасақ, ұтылмайтынымыз анық. Осы тұрғыда сіздің ойыңыз қандай?

– Жалпы бала тәрбиесі бесікте жатқаннан басталады. Ананың елінен басталған тәрбие баланың бұғанасы қатып, азамат болғанынша жалғасады. Сондықтан да бұрынғылар «Білгенім бір тоғыз, білмегенім тоқсан тоғыз» деп, тәмсілдеді. Қазіргі жаһандану заманында бұл

тақырып басы ашық күйінде тұр. Демек, тәрбие мәселесінде көптеген жетіспеушілік бар. Соның бірі – осы жырға қатысты мәселе. Мен әрдайым мектеп оқушыларына жырды қосымша тәрбие құралы етуді ұсынып келемін. Себебі ұлттық тәрбиенің негізгі өзегі осы жырда жатыр. Адам баласын жайлаған «қуыс кеуделіктен» құтқаратын да осы жыр екенін білетін уақыт жетті. Түркі халықтарының біршамасы жырдың тәрбиесіне енді біліп, жан-жағын қармана бастады. Олар мемлекеттен арнайы қаржы бөліп, жоқтан бар жасап бағуда. Біздің олардан айырмашылығымыз, бабалар аманаты тұтас күйінде тұрғандығында. Алайда жырдың маңызын түсінетін, оның қадірін білетін жауапты тұлға жоқтың қасы екеніне қынжыламыз.

Осы жерде басқа елдермен салыстыра айтпағанда, бірақ одан не пайда?

Қазақ елінде қазіргі кезде жиырма аймақ бар. Құдай шүкір, халық саны да өсіп келеді. Біздің әр аймақтың өзіне тән ерекшелігі бар. Осы тұрғыда білім, мәдениет салаларына ұрпақ тәрбиесіне байланысты әр өңірдің өзіне ғана тән ерекшелігін бала бойына сіндіру үшін қосымша мүмкіндік беріле жаксы болар еді. Ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Жан басына шаққандағы қаржыландыру» жобасы өте дер кезінде қабылданған жоба. Себебі осы жоба аясында шығармашылық және спорт бағытында қаншама ұрпақ тәрбиеленіп жатыр. Ертең олар қоғамға қызмет ететін жасқа келгенде елімізде рухани сілкініс жасайтындығына сенемін. Ол үшін 10-15 жыл уақыт қажет. Баланың тәрбиесін қалыптастыратын бірінші кезекте – ата-анасы, содан кейін барып мектептегі ұстаздары. Біз бүкіл жауапкершілікті мұғалімге артып қойғанбыз. Бала мектепте әрі кетсе 6-7 сағат ғана болады. Қалған уақытта ата-ананың қасында немесе бақылауында. Сондықтан тәрбиелі, білімді бала қажет болса, бар жауапкершілікті ата-ана өзіне алу керек. Еліміздің өңесінің биік болуы, оның экономикалық дамуы, шекарасының берік болуы жеткішше ұрпақтың дұрыс қалыптасуына тікелей қатысты. Сондықтан ұрпақ тәрбиесіне бей-жай қарауға қақымыз жоқ.

– Жырау мен жыршының айырмашылығы неде деп ойлайсыз?

– Тарихқа зер салсаңыз жыраудан жыршының әлдеқайда ескі атау екеніне көзінжі жетеді. Біздің жыл санауымыздан екі мың жыл бұрын жыршы атауы бар. Яғни тарихы өте терең атау. Жыршылар кезінде елдің данағой, абызы болған тұлғалар. Ал жырау кешегі 15 ғасырда Қазақ хандығы құрылған

тұста пайда болған атау. Менің ойымша жырау деген өнерпаздың мамандыққа көбірек ұқсайтын сияқты. Хан мен халықтың ортасында алтын көпір болған жырауларымыз қазіргі

қызығанақ. Ақылды Гун жалқаулықтан бақытты болмасын түсінбейді. Лу өте сак жүрмесе, «батыр – бір оқтық» дегендей, өмірем қабырғын сезбейді. Чжан қызғаныш бар жерде қуаныш та болмайтынын білмейді. Сондықтан олардың осыларға көзі жетіп, әбден ұғып түсінгенше, мен олардың ұстазы, ал олар менің шәкірттерім болып қала береді, – деп жауап берген екен.

Сондықтан менде ізімнен ерген іні-қарындастарыма қолдан келгенше дұрыс ақыл айтқанды мақсат тұтқам. Жыр айтушы шәкірттерім де осының ішінде.

– Әлеуметтік желіде белсендісіз. Ғылыми-зерттеу еңбектеріңіз де бар секілді. Қандай тақырыпқа қалам тербеп жүрсіз?

– Негізгі бағытым – Сыр сұлейлерінің жақұт жырларын, би-шендеріміздің өнегелі сөздерін, баһадүрлеріміздің ел қорғаудағы ескі әңгімелерін басын құрап, үлкен дүние дайындаудамын. Алла қаласа, жақинда қолға тиіп қалады. Осыған дейін де бес-алты кітап шыққан болатын. Олардың бәрі де өткен аталарымыздың еңбектерін насихаттауға арналған.

– Өнер жолыңыз қалай басталды? Саф өнердің тұнығынан сарқып ішу үшін көп еңбектенгеніңізді білеміз. Ұстаздарыңыз жөнінде де айта кетсеңіз...

– Менің аталарым білік пен өнерді қатар алып жүрген кісілер. Тарқатып айтатын болсақ, Сүйкімбай, Сүйіндік, Жұматай, Сырбай, Ақлос, Манан деген атақты жыршылар менің сүйектес туыскандарым болып келеді. Кешегі Әбілхайыр ханның 29 биінің бірі Кенжалы би менің тікелей жетінші атам. Оның бер жағында Сыр елінде атағы шыққан Дәуімшар би төртінші атам болады. Жыраулық өнердің текті өнер екенін есептесек, қанмен келгенін байқауға болады. Ал өнерге бейімдеген ұстаздарым марқұм, иманы саламат болғыр Жалдырасын Тасбергенов ағамызға, қазір ортамыздағы ақылшы ағаларымыз Жұмабек Аққұлов, Бидас Рүстембеков, Алмас Алматы ағаларыма осы мүмкіндікті пайдаланып, шексіз алғысымды білдіргім келеді.

– Құйтабақтан талай әндеріңізді тыңдап, құлақ құрышы қанғанын айтып, талай замандастарыңыз сыр шертеді. Грам-

пластинкаға әнііз жазылды ма? Танымал болу қалай әсер етті?

– Дауысымды грампластинкаға жаздырғаным жоқ. Себебі біз жаздырамыз деп жүргенде кеңес одағы тарап, грампластинкаға жазатын жақын жердегі Өзбекстан шетел болып шыға келді. Сондықтан сол кезде қазақ радиосының студиясынан бір сағаттық дауысымызды таспаға жаздырып, «Мәлика» студиясы көбейтіп, таратты. Сол дүние осы кезге дейін үлкен сураныста. Замандастарымыздан бөлек, елдегі үлкен кісілердің барлығы магнитофоннан қосып қойып, айызы қанғанша тыңдағанын сеземін. Сол кезде енді жыр айтуға бейімделіп жүрген жас жыршылардың көпшілігі сол таспадан дәріс алғанын да жақсы білемін.

Осы өнердің арқасында елге ерте танымал болдым. Талай олжа да салдым. Ол кездер қазір естеліктер арқылы ғана ойына оралады. Бірақ өте танымалдық «жұлдыз ауруына» ұластырғаным жоқ. Қазір сахнаға бір рет шыққандардың өзі жан-жағын көрмей қалады ғой. Мен бұлай ауырғаным керек. Оның себебі қара шалдардан алған тәрбиенің жемісі шығар деп ойлаймын.

– Қоңыр әңгіме айту да машығыңызда бар екен. Бізге де қонаққа жасасаңыз...

– Мен бұрынғы мүйізі қарағайдай, қара шалдарды көп тындадым. Оларға өмір бойы қарыздармын және білетін құранымды әрқайсысының атын айтып, бағыштап жүремін. Шарт жүргініп, отырып алып, әңгімені жосылып отыратын еді, жарықтықтар! Мен сол қара шалдардан естігендерімді жадымда сақтағаным үшін құрметтімін және оны мақтаныш көремін. Бадам Дәуімшар жайлы бір әңгіме айтайын. Тарихтың қонақтарында Сырдың бойына белгілі тұлғалар ат басын бұрғаны жазылған. Солардың ішінде сол кездегі патша үкіметіне қызмет қылған, Арыстан правитель Жантөрин де осы мекенге келгендігі туралы дерек бар. Бұл XIX ғасырдың елуінші жылдары болса керек. Сол сапарында елдің игі жақсылары күтіп алып, төреге лайықты құрмет көрсетеді. Алғаш жүздесіп, амандық білгеннен кейін Дәуімшар Қытарұлы би:

«Адам ата жаралған топырақ, қасиетті жерге келдің, Еңбегіңді еселеп, қадірінді арттырар елге келдің,

Алланың ықыласы түскен, «Жер кіндік» деп аталатын төрге келдің. Сапарыңды Алла оң қылсын!» – деген екен. Міне, Сыр бойының аса қасиетті жер екенін бізден бұрынғылар да дәріптеп өткен. Топырағымыздың құнары кемімей, талай талантқа алтын бесік болып, өркендей берсін!

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

ЖЫР ЖАМПОЗДАРЫНЫҢ ШАҢҒЫРАҒЫ



Ғасырлардан бергі үзілмес тіннен үн тартып, жасаулы жыр көшін бүгінге жеткізген Сыр елінің жыр елі деп аталуы киелі өнер мекені екенінің дәлелі. Дәстүрлі өнердің қара қазаны қайнаған 100 шайыр шыққан сұлу Сырдың бойында, оның бас қаласы Қызылордада «Руханият» жылы аясында облыстық филармония жанынан Жыраулар үйі ашылды. Бұл тарих сахнасындағы айшықты күн болғаны рас.

Жыр күмбездеген Сыр еліндегі Жыраулар үйінің ашылуы ісі қазақтың баға жетпес рухани байлыққа құрметі деп білдік.

Өнер ордасындағы бір ерекшелік ғимаратқа кіргеннен панорамалық Қорқыт ата композициясы өзінің бай мазмұнымен баурап алады. Композицияда түркі халықтарының ортақ ұлы ойшылы, жырау, күй атасы – Қорқыт бабамыздың бейнесі және Жанкент, Сауран, Шірік-рабат сынды көне қалалар суреттелген. Ең кереметі, жыраулар үйінен толық мәлімет алу үшін мұнда Инфокиоск – ақпараттандыру құрылғысы орнатылған. Оған жыраулар үйіне қатысты барлық мәлімет енгізілген. Кіреберістегі үлкен дәлізде ұлы ойшыл

Қорқыт ата, ақын-философ Асан қайғы, әйгілі Бұқар жырау, жыраулық өнер зерттеушілері Әлкей Марғұлан, Әуелбек Қоңыратбаев, Рахманқұл Бердібаев және Мардан Байділдаев, өңші, жырау-композитор Ешнұз сал, Базар жырау, Рахмет Мәзкожаев, ақын Тұрмағамбет Ізтілеуов, жырау Жәмет Сайымұлы, Жанаберген Бітімбайұлы, Тұрымбет Салқанбайұлының суреттері ілінген.

Жыраулар үйінің директоры Амандық Бүрлібаевтың айтуынша, ғимаратта конференция және көрермен залы бар. Оның сахнасы ұлттық нақышпен көмкерілген. Жартылай киз үй тәрізді құрылығның төбесін шаңырақ түйістіреді. Бұл концерттік зал телевизиялық студия үлгісінде.

Экспозициялық музей залына Қорқыт баба мұрагерлері Нышан,

Нұрғали сынды бақыстардың қобызының суреті мен Сыр өңіріндегі жыраулық үш мектеп өкілдері Нұртұған, Жиенбай, Нарғайдың суреті, олар тұтыңған заттар мен жеткен жетістігі жазылған. Түркі тілдес елдердің халықаралық «Қорқыт және Ұлы дала сазы» фольклорлық-музыкалық өнер фестивалінің көрінісі де көрме төрінен орын алған. Бұдан бөлек, өңірдегі жыраулық өнерді насихаттауда қолданылған аспаптар мен заттар, киімдер бар. Музей төрінен орын алған «Қорқыт сазы» композициясының биіктігі – 1,5 метр. Авторы – «Дәстүр колөнер» орталығының мүшесі, ағаш шебері Пахраддин Садықов.

– Қасиетті қарашаңырақтың ашылуына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ерекше қолдау көрсетсе, Өнер

орталығының директоры Талғат Макаш бұл бағыттағы жұмыстың жандануына бар күшін салауда. Болашақта өнер ордасында мәдениет пен өнерге қатысты келелі мәселелер талқыланып, жас өнерпаздарды тәрбиелейтін шеберлік мектебі қалыптасады деп ойлаймын. Алғашқы шеберлік дәрісін Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, профессор, «Парасат» орденінің иегері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, жырау Алмас Алматы өткізді. Жиыңға Қызылорда облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысы Мира Казбекова қатысып, Сыр бойындағы жыраулық өнерді келер ұрпаққа аманаттау, насихаттау бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.



Басқосуда Сыр бойындағы жыраулық дәстүрдің бүгінгі мен өзекті мәселелері талқыланды. Жыршы-жыраулардың ғылыми бағытын айқындаудағы келелі ойлар, жыраулық өнерге қатысты пікірлерді ортаға салды. Игі шараға өңірміздегі жыршы-жыраулар, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Дәстүрлі өнер» институты мен Қазанғап атындағы музыкалық жоғары колледжі, М.Қалауов атындағы өнер мектебінің оқытушылары мен студенттері қатысты. Аудандардан келген жас жыраулардың өңірін тамашаладық. Алыс ауылдардың өзінде

бүгінде жыраулық дәстүрді менгеріп, алыс, жақын шетелдерде өнер көрсетіп, жеңімпаз атанып жүрген жастар қолбейгені мақтан етеміз. Болашақта өнерпаздарды қолдайтын шараларды көптеп өткізуді жоспарлап отырмыз. Дүниежүзілік фестивальдерге қатысып, дүбірлі додаларда топ жаратын дүлдүл жыраулар дайындауға білек сыбанып кірісеміз деп ойлаймын, – дейді Жыраулар үйінің басшысы.

Гайһар АСҚАРҚЫЗЫ,
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ӘР КӨШЕГЕ АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ КЕРЕК

С.Бейбарыс көшесінің бойында былтыр егілген ағаштар бар. Ол ағаштарға аяқсу қалай барады десеңіз, арыққа арнайы құбыр қазылып, әр ағаштың тұсынан аяқсу жіберіліп отыр. Бұл да тиімді әдіс.

– Әр арықтың ішінен осындай құбырдан шүмек қалдырсақ, барлық ағашқа бірдей аяқсу барады. Алдағы уақытта біз қаланың әр көшесінің бойына түрлі ағаш егіп, осы жүйені пайдаланғымыз келіп отыр. Мәселен, бір көшенің бойына жиде талын, екінші көшеге өрік ағашы секілді біздің аймаққа жеріңізін көшеттерді отырғызуды қолға алсақ, Қызылорда жасыл қалаға айналарын сөзсіз, – дейді қала әкімі. Шаһар басшысының айтуынша, бұған дейін әр тұрғын талға суды шелектен құятын. Енді аяқсудан аса қатты мәселе туындамайды.

ҚАЛАНЫҢ ӨЗ ТҰҚЫМБАҒЫ БОЛАДЫ

Жыл басында қалада «Жасыл Қызылорда» мекемесі құрылды. Бұл мекеменің міндетіне каналдар мен арық жүйелерін тазалау, жерасты ұңғыма және насостар арқылы аяқсу беру, сквер, аллеялар мен орталық көшелердегі гүлзарларға гүл егу, көгалдарды күтіп ұстау, қураған

Басы 1-бетте

СПОРТ

ҚАЛАҒА АЯҚСУ КЕЛДІ, ЕНДІ ТАЛ ЕГУГЕ ТҰРҒЫНДАР ДА АТСАЛЫСУЫ КЕРЕК



ағаштарды кесіп, балақтау кіреді. Осы аталған жұмыстар басталып та кетті. Қала әкімі арнайы тұқымбаққа барды.

– Енді қаланың өз тұқымбағы болады. 3 гектар жерді алып тұрған тұқымбақтың 1,4 гектарына арық қазылып, аяқсу жіберіле

бастаған. Айналасы қоршалған. Себебі мал кірмеуі керек. Әзірге бұл жаққа Сыр талы мен теректің бұтағы отырғызыла бастаған. Кейін жидені де қосу керектігін тапсырдым. Ал келер жылы бұл көшеттер дайын болады. Сол кезде осы жерден алып, қаланың керек жеріне еге береміз.

Нәтижесінде бұрынғыдай Түркістаннан сатып алып жүрмейміз. Біріншіден, ақшаға тиімді. Екіншіден, өзіміздің тұқымбақтан шыққан көшеттер бірден жерініп, көктеп кетеді.

Бұдан бөлек, қала аумағына биыл көктем айларында 8000 ағаш егу жоспарланып отыр. Оның ішінде ауа райына қолайлы, құрғақ, ыстық, шөлге төзімді Сыр талы, терек, қарағаш және сәндік (катальпа, айлант, ясинь) ағаш көшеттері отырғызылмақ. Сәндік ағаштарды С.Бейбарыс көшесіндегі облыс әкімшілігі мен Жақаев көшесіндегі қала әкімдігі ғимараттары мен өнер орталығы, арзан базар аумақтарына, Мұратбаев көшесіндегі орталық стадион жанына, Сағибаев және Қорқыт ата көшелеріне егу жоспарланып, қазіргі таңда жұмыстың 60 пайызы орындалып, яғни 4800 көшет отырғызылды.

ЖАҢА КӨШЕ

Биыл қалада біршама көше жөндеуден өтеді. Қала әкімі аралау барысында Сыр самалы көшесін салу жұмысымен танысты. Бұл жұмысты «Қыран» ЖШС атқарады.

– Қазір қалада 35 көшеге орташа жөндеу, 15 көшеге қиыршық тас төсеу жұмыстары

қолға алынды. Сонымен қатар арасында төрт жолақты етіп, қайта жөндеуден өтетін көшелер де бар. Оған қоса бір көше жанадан салынууда. Бұл – Сыр самалы деп аталады. Көше салынып біткен соң оның айналасын да реттеу жұмысы жүргізіледі. Себебі көше жиегі құл-қоқысқа толы және қамыс өскен. Жарық бағаналары да назардан тыс қалмайды. Сондай-ақ каналға жақын болғандықтан мал қора салып, мал өсіріп отырғандар да бар. Бірақ алдағы уақытта заңға сәйкес оның бәрі алынады.

Шаһар басшысы Ақмешіт шағынауданындағы айналма көпір маңындағы аяқсу мәселесіне зер салды. Бұл жақтағы мәселе – тұрғындарға аяқсу толығымен бармайды. Өйткені аяқсу жүретін жол бітеліп қалған. Тек бергі жағын ғана қамтып отырған жайы бар. Алайда қала әкімінің айтуынша, бұл мәселе де назардан тыс қалмайды, бітелген жол қайта ашылады.

– Қаланы жасыл аймаққа айналдыру үшін ең алдымен аяқсу мәселесін шешіп беру керек. Егер барлық аумақ аяқсумен толық қамтылса, тұрғындар да, біз де көшет отырғызуымыз қажет. Бұл – бәрімізге ортақ игі іс, – деп аяқталды қала аралдауы шаһар басшысы.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ
Суреттер қала әкімдігінен алынды

Анығын айту керек, оқушыға «сен неге оқымайсың?» деп, сағын сындырып, сөге бергеннен ол ғалым болып кетпейді. Әлемге аты белгілі қаржыгерлер мен экономистердің көпшілігі математика пәнінен осал болған. Әлбетте, мұны неге айтып отырсың, ұлттық спортқа оның не қатысы бар деп айтатындар табылар. Бірақ кейінгі жылдары ұлттық спортқа бала бармайды, қазіргі ауыл бұрынғы ауыл емес деген сын-пікірлерді көп естиміз. Ал көкпар немесе бәйге болатын күні ауыл баласының 70-80 пайызы ат үстінде жүреді. Тіпті қазіргі таңда ауыл баласы бәйге мен көкпар болатын күні сабақтан сұрануға бейім отырады. Оны көзбен көріп, көңілге түйіп жүрміз.



ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫ ІЗДЕСЕҢ, АУЫЛҒА БАР

– Биыл 11-сыныпта оқимын. Сондықтан сабағым сәл қиындаған сон атқа сиректеу мінімем. Сирек дегенім аптасына екі мәрте. Ал бұған дейін күнге бір мінбесем, бірнәрсені жетпей тұрғандай сезінетінім. Әкем аптасына бір рет атқа мініп, үйірдегі жылқыларды түгендеп келмесе, «ауырып қалады». Алақандай ауылда күнделікті тірлігі жылқыға қатысы жоқ жандар ғана атқа мінібейді. Басқасының бәрі ауыздығымен алысқан асау жылқының жалына жармасып, желмен жарыса шапқанды жақсы көріп тұрады. Атқа мініп жүргенде еңсенді тіктейсің, еркіндікті, кендікті сезінесің. Ал атқа мінібесең, қарапайым адамсың. Аттың үстінде жүрсен, тақта отырған ханмен бірдейсің. Бұл – қазақтың болмысы, қазақтың тарихы, кешегі мен бүгінгісің. Жастар атқа мінібейді дегенге қарсымын. Ондай ойдағы адам біздің ауылға көкпар мен бәйгеде келіп, қызығын көрсін. Іші пыспайтынына уәде беремін, – дейді ауыл баласы Бейбарыс Ишанқұл.

Ұлттық спорт жайлы тақырып күн тәртібінде тұр. Өйткені алдағы қыркүйек айында енесі биік Елорда төрінде V дүниежүзілік көшпенділер ойыны өтеді. Қазірдің өзінде қызу дайындыққа кірісіп кеткендер бар. Байрақты бәсекеге 100-ден астам мемлекеттен 4 мыңға тарта спортшы қатысады деп күтілуде. Айтулы шараға 8 миллиард теңге ақша бөлінді. Уақыты келгенде аймақтың абыройын арттырып жүрген апайт-төс палуандар да, құралдайды көзге атқан мергендер де, басқа да спортшыларымыз аталған долада жүзімізді төмен салдырмайтынына сенеміз.

Әрине, облыс орталығы болған соң Қызылорда қаласында ат спортынан гөрі ғимаратта өтетін спорт түрлері жоғары деңгейде дамыған. Мысалы, казак күресінен жаттықтырушылар талай мықтылардың қанатын қаттытып, әлемдік деңгейге шығарып жүр. Бұл жолы казак күресінен жас-өспірімдер арасындағы облыстың аға жаттықтырушысы Шүкір Аязбек Өскенбайұлымен пікірлесудің сәті түсті. «Балағының биігі бар» баланы көрсе, қолынан ұстап, спорт залға

апаратын спорт жанашырының казак күресі десе, шығарға жаны бөлек. – Аязбек Өскенбайұлы, өңіме өзегі – өңірдегі ұлттық спорттың даму деңгейі. Бұл ретте казак күресінің үлесі қаншалықты? – Қазіргі таңда Қызылорда қаласында казак күресімен айналысушылардың саны жылдағыдан екі есеге артқан. Қала мектептерінің әрбірінде казак күресінен үйірмелер тұрақты жұмыс істеп тұр. Сол себепті біздің казак күресінің бірден-бір дамып келе жатқанының ең әуелгі көрінісі – осы үйірмелер. Біздің Қажымұқан Мұнайтынасұлы атындағы спорт мектебінде де кейінгі жылдары казак күресінен Қазақстан чемпионының шығып жатыр. Биылғы чемпионатта Жасөспірімдер арасында екі бірдей Қазақстан чемпионы, жастар арасында бір Қазақстан чемпионы шықты.

– Әрине, жаттықтырушы үшін ең үлкен бақыт – шәкіртінің биіктерді бағындыруы. Сіздің елдің үмітін ақтап жүрген қандай шәкірттеріңіз бар? – Дұрыс айтасыз, жаттықтырушы үшін ең үлкен қуаныш – өзің тәрбиелеген шәкірттеріңнің шыңға шығып, үмітті ақтағаны, еңбектің қайтқаны. Жарыста палуандардың биікке шығуына, елдің үмітін ақтауына атсалысқанынан артық қандай қуаныш бар?! Осы уақытқа дейін казак күресінен жастар арасында Әлем чемпионы Руслан Теміржан, Азия кубогының жүлдегері, Қазақстан чемпионы, спорт шебері Сұлтан Бейбарыс, Ержігіт Мейірман, Болатбек Абылайхан, Әбдірахман Саян – менің шәкірттерім. Алдағы жоспарларымыз өте үлкен. Әлем чемпионатында, көшпенділер ойындарында еліміздің байрағын көкте желбіретеді деген сенімім бар.

Қазак күресі – ең таза спорт түрі. Тік тұрып, белдеседі. Нағыз мықтыны анықтайтын сайыстың түрі. Самбо, дзюдо казак күресіне ұқсайды, бірақ өзінің ерекшеліктері бар. Тік тұрып, күресу, белден жоғары күресу тек казак күресіне тән. Осы спорт түрінен шәкірт тәрбиелеп, спорт залға

Дәулет ҚЫРДАН
Суретке түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ТОҒЫЗҚҰМАЛАК ЕСЕПКЕ ҮЙРЕТЕДІ

Тоғызқұмалак – бүгінде кең қолданыстағы спорт түрлерінің бірі. Ел-елде, жер-жерде кеңінен қолданыс тауып үлгерген бұл спорттан бәсекеде бәсі биік бол жүрген жастарымыз жетерлік. Бұл бағытта топ жарып жүрген жеткіншектерді тәрбиелеуде жемісті және жеңісті жолдардағы бапкерлердің бірі – Бексұлтан Раев. Ол – қаладағы №264 Тәкей Есетов атындағы мектеп-лицейдің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. Тоғызқұмалакты Қазақстан Республикасының I санатты спортшысы.



Ел Президенті «көп шығынды талап етпейтін спорт түрлерін дамытқан жөн. Мысалы, тоғызқұмалак, шахмат, үстел теннисі, садақ ату, казакша күрес. Бұл кадам, ең алдымен, жастарды теріс әдеттен алыстатады» деген болатын.

«Тоғызқұмалак – әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен иық теңестіре алатын зияткерлік ойын түрі. Археологтар бұл ойынды кеше-бүгін емес, осыдан 4 мың жыл бұрын пайда болған деген пайым айтады. Ал ол жерде қойдың 162 құмалағын кеттіріп, қатырып ойынға қолданған. Біз оны тек қайта жаңғыртып

мен Ерсұлтан есімді ағайынды жігіттер облыстық біріншіліктерде чемпион атанып жүр. Олардың болашағынан зор үміт күтеміз. Өйткені әрбір шәкірттің жеңістігі – ұстаз еңбегінің көрінісі, – дейді тоғызқұмалакшы Бексұлтан.

Иә, мектеп оқушыларынан құралған тоғызқұмалакшылар командасы бил-



жүрміз. Баланы ақыл-ойының дамуымен қалыптасуына барынша мән берген ата-бабаларымыз бұл ойында осы бағытта ерекше қолданған. Біздің ұлттық спорт түрлерінің қатарына енген бұл ойынды қазір әлемнің 40-қа жуық мемлекеті ойнайды», – дейді Бексұлтан Жамаладдинұлы ізденісін байқайты.

Бүгінде аталған білім ошағының балалары тоғызқұмалактан төрге шығып жүр. Осы спорт үйірмесін жүргізуде Бексұлтанмен бірге Ермек Тілеубаев, Нұрсұлтан Қайрақбайұлы, Арысбек Әбдірайымов тәрізді ұстаздар еңбек етіп келеді. Үкілеп үміт артқан шәкірттері сенімге селкеу түсірмей, облыстық, республикалық, тіпті байрақты бәсеке-лерде бақ сынап, шапшасына иан жүк-тырмас жүйрікке айналған.

– Ойыншыны дайындау – үлкен еңбек. Мәселен, футболдағы команданы бір бапкер дайындау, мұнда бір ойыншының 3-4 жаттықтырушы бірге дайындайды. Чемпионның артында бірлескен мықты команда тұрады. Бұл – өмір шындығы. Біздің шәкірттеріміздің арасында Аралиев Арсен мен Ақшұқыр Әлінуір қалалық деңгейде чемпион атанса, Ермұрат Абылайхан, Алмасбек Нұрислам, Мәдіғаннар Мерей және Жұбатхан Алиян

ғы Ұлттық мектеп лигасының облыстық кезеңінен чемпион атанып, республикалық бәйгеге жолдама алды. Аламанның алдын бермей, әркез алдыңғы қатарға талпына түскен әрбір талантты шәкірттің бойынан бұлақ көріп, көзін ашу – ұстазға тән қасиет. Мұны шәкірттері де мойындай жүр.

– Біздің атан түйеге жүк болардай жетістіктің артында ұстаздарымыздың ерен еңбегі тұр. Бізге алтын уақытын қынып, қай кезеңде де топ жарып бәйгеің жеңіп алуымызға жағдай жасап жүреді. Олар – біздің тек тоғызқұмалақтағы емес, өмірде де ұстаздарымыз. Өйткені, үйреткен әрбір ойын әліс-тәсілдің артында өмірлік ақыл-кеңестер тұрады, – дейді жеңімпаз шәкірттерінің бірі Абылайхан Ермұрат.

Қазақтың қарадомалак баласы осылайша кеуде сарайына тұнған ұлттық құндылықтарға деген сенім мен сезімнің құстың қос қанатындай етіп, ізінен шындаған шәкірттерін ертіп жүр. Аядай ғана білім ошағынан ертеңге елдің кемел келешегіне бағыт алар дарынды жастарды тауып, олардың қанатын қаттытып, бойларындағы бұлақтың қазың ашып келеді.

– Ұстаз болу – жай ғана білім

берумен шектелмеу керек. Ұстаз болу үшін жан-жақты болуың керек. Бір пәнінің айналасынан шықпай қалу жарамайды. Бала күнімізде үлгі тұтып өскен ұстаздарымыз азаматтың ұстанымымыздың, болмысымыздың, таным-түсінігіміздің қалыптасуына ықпал етті. Сондықтан мен де сол үдеден шыққым келеді. Қазіргі қоғамда балға ұстап, шеге қаға алмайтын балалар көбейді деп жатамыз. Мәселенің бар екенін айта бермей, шешілу жолын қарауымыз керек. Әрбірміз өз бетімізше сол бағытта еңбек етсек, бала тәрбиесінің қоғамның міндеті екенін ұғынамыз. Біз балаларға дене шынықтырудан сабақ бере жүріп, еңбекке баулимыз, дене еңбегімен айналысудың маңызды екенін ұғындырамыз, әрі шамамыз келгенше тәрбиелейміз, – дейді Б.Раев.

Осы шаһар төрінде тоғызқұмалактан мықтылардың өзінен айласын асырып жіберіп, жеңімпаз атанып жүрген Қабыланбек Абсатов есімді ұстаз бар екен. Қазірде аймақ мұғалімдері ол кісіні жақсы таниды. Әсіресе дене шынықтыру пәнінің мұғалімдеріне есімі таныс. Тоғызқұмалак ойынына араласа бастағаннан оны жеңемін деп алдына мақсат қойған Бексұлтан ақыры дегеніне жетіп, өзін шындап, сол биікті еңсеріпті.

– Ағайды бәріміз сыйлаймыз, құрметтейміз. Ол кісіден жеңіліп қалатындар көп. Бірақ жүрегі дауалап, ойында жеке-жеке баратындар саны аз еді. Мен ол кісіні жеңемін дегенше көп еңбектендім. Жаттықтым. Бұл ойынның қызығы таусылмайды. Бір ойында жеңімпаз болып, келесі ойынға өзіне сеніп, түк дайындықсыз бара қалсаң, ол жақта жаңа әдіспен сені жеңіп кететін ойыншы отырады. Осылай, үнемі үздіксіз дайындықта отыруың керек. Тоғызқұмалак жарыстарында жеңімпаздар анықталады, бірақ ешкім жеңілмейді. Ұтатын – ұлттық мәдени мұрамыз, – дейді талантты ұстаз өз ойын білдіріп.

Өмір – мектеп. Сол мектептің ең мықты ұстаздары болуға талпынатын әрбір жанның көкірегіңдегі асқақ арман – сонына із қалдыру. Балаларға бүгін қандай әдісті үйретемін деп қалың ойға шомған Бексұлтан терезеден аулаға қарап, қалың ойға шомып тұр. Иә, ол – жеңімпаздардың ұстазы.

Аян СПАНДИЯР

Меншік иесі:



Бас директорының міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Жауапты редакторлар орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлмелер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу нөмірі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.011786 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына авторын, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2901 Тапсырыс №850

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолық НҰРЛЫБАЙ